

FTAMP 17.01.11

**Т.Р. Әбдіқадырова¹ (orcid-0000-0002-5716-6891),
К.Б. Қанат² (orcid-0000-0002-0697-2228)**¹Педагогика ғылымдарының д-ры, профессор, ²Магистрант
М.Х.Дулата атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстанe-mail:¹ tursynai_1959@mail.ru, ²korkemzhan.kanat@mail.ru

ОТАНШЫЛДЫҚ РУХ – КӨНЕ ТҮРКІЛІК ДӘСТҮРДІҢ ЖАЛҒАСЫ

Аннотация. Зерттеу мақсаты –көне түркілік дәстүрдің отаншылдық рухпен біте қайнасқан ұғым екендігін дәйектеу. Мақалада тарихи танымның көкжиегін кеңейту мақсатында құндылықтардың аражігі ажыратылып, баяндалады. Ұлт дүниетанымының дінгеіне негізделген ұлттық кодтың маңыздылығы туралы кеңінен насихатталады. Тұлғалық дамуға түрткі болар тарих туралы түсінік беріледі. Түркілік дәстүрдің бүгінгі көрінісі туралы нақты дәлелдер келтіріліп, отаншылдықтың алғышарттары анықталады. «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласына арқау болған көне түркі мәдениеті М.Х.Дулата шығармаларымен жұптасып, ұсынылады. Ұлттық иммунитеттің қалыптасуына түрткі болар аргументтер тізіліп, мақаладағы жаңа жобалардың жүйелі алгоритмі көрініс береді. Нәтижесінде рухани бірегейліктің формуласы қалыптасады.Ғылыми жаңалық – Ұлы Даланың жеті қырындағы компоненттердің көне түркілік дәстүрде көрініс беруі айшықталады. Ұлттың негізгі тамыры түркілік дүниетаныммен ұштасып жатады. Осы орайда мақалада ұлы даланың алтын қойнауына ұйытқы болған түркі мәдениетінің сарқыншақтары ұсынылады. Отаншылдық рухтың серпінді қадамы – тарихты танумен астасып жататындығы негізге алынады.

Тірек сөздер: ұлттық құндылықтар, рухани жаңғыру, тарихи таным, ұлттық үндестік, рухани бірізділік.

Кіріспе. Өркениеттің өрелі даму жолында инновациялық технологиялардың қарыштауы қаншылықты қажет болса, рухани өрістеу иммунитетінің де қалыптасуы соншылықты маңызды. Дәл осы рухани иммунитеттің мемлекетік деңгейде көрініс беруі керек – ақ құбылыс. Десе де, бос дақпыртты дабыра қылып, рухани кемелденуден кері кетіп жатқандар да жоқ емес. Айталық, рухани азғындықтың шырғауына түсіп, иммунитетке мұқтаж индивид те, мемлекет те бар. Осындай қасіреттің алдын – алу әрбірімізге жауапкершілік жүктейді. Сананы кеселден сақтау, ойды ар – ұжданмен жұптастыру тек қана инновациялық дамуды керек етпейді. Тиісінше рухани кемелденуді де ауадай қажет етеді. Яғни, жаһандық деңгейде дербес қаралуы тиіс мәселе дәл осы болмақ. Ендеше, аталмыш мәселенің мән – жайы біздің мемлекетімізде қалай қаралып жатыр деген сұрақ бәрімізді толғандырады хақ. Олай болса, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласы бұл сауалдың дәл жауабы болмақ. Ұлы Даланың жеті қыры мақаласының негізгі түпкі идеясы өте арыдан басталған әрі бүгінгі күні өз маңызын жоймаған және болашақпен тікелей байланысты дүние. «Кемел ойлы кемеңгерліктің тағы бір көрінісі» - деп баға берген көпшілік бүгінде бұл мақаланың дәл кезінде жарияланғандығын жарыса жазуда.

Аталмыш мақала «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласының ізін екшелей басқандығын анық байқауымызға болады. Мәселен, ұлттық мүддеге бағытталған қос мақаланың мазмұны бөлек болғанмен бағыты бір, бөлімі бөлек болғанмен болмысы бір. Екеуі де ұлттық бірлікті алдыға тартып, рухани азғындандудың алдын – алу туралы сыр шертеді. Ұлттық кодымыздың саф күйінде сақталуы үшін алдымен, тұсбағар болар бағытымызды бағамдауымыз шарт. Осы орайда «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласы іздегенге сұраған болып, қажет қорегімізге айналғаны анық. Мақаланың негізгі идеясы ұлттық құндылықтарды танумен қатар бойға сіңіруді көздейді. Қаситеті Ұлы Дала қырын Ұлы дала қырандары танып, рухани жаңғырса деген ізгілікті ниеттен туған бастама. Ал, рухани жаңғыру дегеніміз – ұлттық жаңғырумен пара пар. Ұлттық жаңғыру – ұлттық санамен біте қайнасқан ұғым. Демек, жүйелі алгоритммен жүзеге асатын тұрақтылық пен бейбітшілік қадамы. Рухани мүгедектің алдын алар бірден бір шара. Ұлттың ұйысуы – бірліктің көрінісі болса, алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттің негізгі жемісі. Сондай – ақ, мақала мазмұнына айналған бірегейлік формуласы әрбір ұлтжанды азамат үшін қолданылуы тиіс. Мақаладағы бұл формуланы тек қазақ ұлтының Ұлы Дала ұландары ұғынары анық. Ендеше, мақаланың идеясын ашуда осы формуланы қолданғанымыз абзал.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында түркі мәдениетіне кеңінен тоқталып, бірнеше қырлары анықталады. Осы бойынша Жамбыл Ерғараұлының зерттеу пікірін дәлел ретінде ұсына аламыз: *«Аталған мақаладағы негізгі идеялар өткен тарихымызды қайта саралауды және толығырақ зерделеуді қажет етіп тұр. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди», «Жаһаннаме» еңбектері түркі халықтарының шынайы тарихын бейнелейтін және түркі жұрты өкілінің туындысы екендігін ескерсек, бұл шығармаларда өткеніміздің бейнесі объективті жазылған деген сенім пайда болады»*[1].

Мақала мақсаты әрі түпкі идеясы тарихпен тығыз байланысты. Мұны әуелден – ақ мақаланың тарих қойнауына терең сүңгуімен дәлелдей аламыз. *«Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиганың өлішемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады. Бұл – жай ғана әдемі афоризм емес»* [2]. Осы тіркестен түртіп алар ойдың мазмұнын ашып қарастырар болсақ, кеңістік пен уақыттың аражігін ажыратуға бір табан жақындай түсеміз. Қос ұғымға басымдылық таныта келе, өзгермейтін бір құбылыстың бары баса айтылып отыр және ол ұлт тарихымен тікелей байланысты. Тіркес түйінінде қай кезеңде болмасын, бір ғана өзгермейтін қағида бар ол – ұлттық мұра делінген. Ұлт мұрасын жаңаша пайымдауда тарихты тілге тиек етпеу әбестік болары анық. Сондықтан мақаланың кіріспесі жалпы тарихи танымнан бастау алады. Өркениетіміздің даму көкжиегін көрсеткен мақала мағыналы мүмкіндіктерді меңзейді. *«Өзіңді – өзің тану тәрізді, тарихты танып – білу де – қазіргі даму процесіне аса қажет әрекет. Ол – болмай қоймайтын жоғалтулар мұңын тереңірек сезінуге мүмкіндік береді, сонымен бірге прогреске кең жол ашады»* - деп, Олжас Сүлейменов өзінің сүбелі ойын сүзгіден өткізіп жеткізген еді. Демек, мақаладағы тарихқа жасалған шегініс – алға қадам жасауға жол ашады. Ұлтымыздың тарихын білмей, өзімізді таппайтындығымыз әрі болашағымызды бағамдай алмайтындығымыз анық сипатталады. Тарихқа деген оң көзқарасты талап ететін ұлт ретінде біз өз құндылықтарымызды танып – білуді алдыға тартып, әрі қарай танытуды мақсат етуді міндеттеліп

отыр. Шынында, ұлттық патриоттылыққа тәрбиелейтін тарих екендігін һәм тарихтың еншісіндегі жетістіктерді астын сызып көрсетуіміздің шарт екендігі және ұқтырылады. Мақалада тарихи ұстанымның дұрыстығы нысананы дәл көздеу құралы ретінде баяндалады. Яғни, күрмеуі күрделі түйіндердің тарқатылуы, алдымен тарихқа терең үңілумен ұштасып отыр. Асылы, қазыналы қойнауудың сарқыншағы – ұлттық жәдігерлеріміздің құнын түсіну үшін, санаға сигнал жіберетін мақала өз ұлылығымызды көрсету үшін жарияланбағандығын ашық айтады. Сәйкесінше, төл тарихымызды қажетті деңгейде құрметтеуді әрі жәдігерлерге жауапкершілікпен қарауды насихаттайды. Сондай – ақ, жаһандық тарихтағы орнымызды алуды, таңдамалы құндылықтарымызды тануды міндеттейді. Ұлы Дала құндылықтарының құнын дәйектеуді мақсат еткен мақала әлбетте, ұлтжанды Ұлы Дала ұланын елең еткізері сөзсіз. Ендеше, екі ірі тарауды тірек еткен мақаланың түбіне тағы бір сүңгіп өтейік.

Зерттеу нәтижелері. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласының табалдырығы. Ең негізі өзегі. Мақаланың бұл бөлімінде жаһандық өркениетте мойындалған құндылықтар сөз етіліп, оның тарихи өзегі біздің ұлтқа тән екендігі кеңінен дәлелді түрде баяндалады. Атап айтар болсақ, «Атқа міну мәдениеті», «Ұлы Даладағы ежелгі металлургия», «Аң стилі», «Алтын адам», «Түркі әлемінің бесігі», «Ұлы Жібек жолы», «Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны» сынды жеті қыр жаңа тұрпатта бой көрсетеді. Этнографиямызға шолу жасасак, ұлттық мұрамыздың қаншалықты бай екендігіне көзіміз жетеді. Мәселен, «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласындағы жеті саны ертеден – ақ қазақ қоғамында қасиетті саналған. Бұл турасында бірнеше ғалым – зерттеушілер өз еңбектерінде баса айтып өткен еді. Соның бірі Дархан Қыдырәлі: *«Сонымен қатар Ұлы дала – өркениеттің атауы! Ал өркениеттің қатпары мен қыры, қасиеті мен қазынасы көп болары анық. Ендеше, Елбасы мақалада қазақ халқы қастерлі санайтын «жеті» санын ырымдап, символикалық мағынада қолданғандай әсер қалдырды. Көкті – жеті қат аспанға, текті – жеті атаға, байлығы мен мұрасын – жеті қазынаға, жаһанды жеті жұртқа теңейтін бабаларымыздан жеткен жеті саны мақалада Ұлы Даланың жетістіктері мен адамзат тарихына қосқан сүбелі үлесін әдемі жүйелеп тұр»* - деп тұжырымдаған еді [3].

Рас сөз еш уақытта жалған болмастың кейіпіндегі ұсынылған жеті құндылықты әрбір Қазақстандық азамат білуі тиіс заңдылық. Себебі, дәл осы әр құндылығымызды тану арқылы біз өркениетті елдердің қатарына қанатымызды кеңінен қағып кіре аламыз. Әр мемлекеттің ұлттық болмысы өзгеше. Алайда, мақалаға арқау болған жеті құндылық расында еліміз мекен етіп келе жатқан Ұлы Дала сыйы – Ұлы Дала құндылығы. Абай айтқан сыншыл ақынның деңгейімен саралар болсақ, бұл құндылықтар ары қарай да ел иігілі үшін еңсесі биік қазына іспеттес болары сөссіз. Әлемдік қоғамдастықтың бізді лайықты түрде тануы үшін алдымен, өз ішімізде лайықты дәрежеде байыбына бара білуіміз қажет. Мақаланың негізгі түпкі идеясын зерттеп қарар болсақ, біздің Ұлы Даланың жеті қыры өте ауқымды құбылыс. Қайсыбірін алып қарасаңыз да тұнған қазақы иіс, ұлттық мәдениеттің көрінісі. Бүгінгі күні Ұлы Даланың жеті қыры аталып қана қоймай, әлі де зерттеліп, жаңғырып келеді. Тек біртарапты көзқарасты емес, әлемде мойындалған құндылықтарымыз лайықты құнын алған кезде ғана сарқылмасы хақ. Дәл осы мақсатта аталмыз мақала жарыққа шығып отыр. Негізгі діндегі ұлттық руханияттың жай – жапсарын танып қана қоймай, бітім

– болмысымызбен, әрбір демімізбен қабылдауымызды талап етіп отыр. Сондай – ақ, мақалада қапыда қалдыруға болмас екінші үлкен бөлім – жобалар жинағы ұсынылған. Әр жобаның философиясың, рухани жаңғыруға сеп болар өзіндік даралығы кеңінен сипатталған. Жалпы мақаланың ерекшелігі, Елбасы тек Ұлы даланың жеті қырын айтып, тізіп қана қоймай, ойларды нақты ортаға салып, оны шешудің жолдарын да ұсынып отыр. Бұл – нағыз тарихи сананы жаңғыртудың дәлелі. Яғни, өткенді ескіртпей, саф күйінде сақтай келе, ерекшеліктерін ескеріп, тың өзгерістермен ұсыну үлкен еңбек пен жүйелі әрекетті талап етеді. Осы бағытта мақалада ұсынылған жобалар жан – жақты салада өз қолдауын тауып, жүзеге асырылып та кетті. Негізгі қозғаушы күші – қайта айналып әуел бастағы рухани жаңғыруға келіп тірелерін аңғарып отырмыз. Қай тараптан келіп сүйенсек те, бір ғана қорытынды шығаруымызға мақаланың мазмұны кең, мақсаты анық екендігіне көз жеткізіп келеміз. Оның дәлелі ретінде Уалихан Қалижановтың мына бір пікірін алдыға тартамын: *«Ұлт тарихын, ұлт өркениетін санаға сіңіру ұлттық патриотизмді, өз ұлтына, мемлекетіне деген құрмет пен мақтаныш сезімін қалыптастырады. Елбасы айтқан жобалар әртүрлі форматта қолға алынса рухани жаңғырудың кемелденуін тездеті түседі. Өйткені бұл мақаладағы ойлар мен тұжырымдар «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында», «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» жобаларының заңды жалғасы болып табылады»* [4].

Ғылыми нәтижелерді талқылау. Мәселен, «Архив - 2025» жеті жылдық бағдарламасы ғажап өркениеттің бір тұғырына айналуға алғашқы қадамның баламасы болса, «Ұлы Даланың ұлы есімдері» атты оқу – ағарту энциклопедиялық саябағын ашу сананы сілкіндірер нағыз креатив. «Түркі әлемінің генезисі» түбі бір түркілік принципіне негізделсе, «Ұлы Дала» атты ежелгі өнер және технологиялар музейін ашу – туризмді дамытудың алғашқы баспалдағы іспеттес. «Дала фольклорының онтологиясын» жасап, «Ұлы Даланың көне сарындары» жинағын басып шығар – сөзсіз «жаңа тыныстың» ашылуына мұрындық болады. Ал, өркениет тарихының үздіксіз дамуын тамашалауға мүмкіндік беретін деректі – қойлымдық фильмдер, телевизиялық сериалдар мен толықметражды көркем картиналардың арнайы циклін өндіріске енгізу – халықаралық ынтымақтастықтың деңгейін арттыруға оң ықпал етері шүбәсіз. Мақаланың табиғи тазалығы – рухани тарихымыздың жаңғыруымыз астасып жатқандығы белгілі. Алайда, бұл идеяны барлығы бірдей бірауыздан түсініп келе ме деген сұрақ қалыпты. Сондықтан да, мақалада ұлттық жәдігерлеріміз тек қана баяндалып қана қоймай, зерттеліп, дәлелденіп, ұсынылып отыр. Кім өз өміріне жауапты қараса, сол қоғам тұтастығының да қамын күйттегені абзал. Себебі, жалғыз өркендеу әсте мүмкін емес, ал қоғам болып даму – қай кезеңде де ықпалды нәтиже.

Қорытынды. Түбі бір түркілікті дәріптеуде Дулати еңбектері рухани азық көзіне айналғаны сөзсіз. Бүгінгі отаншылық көне түркіліктен бастау алғандығы да даусыз. Ендеше, еш іркілместен біз Дулати шығармашылығының шоқтығы биік деп айта аламыз. *«Мұхаммед Хайдар Дулати шығармашылығында отаншылдық пен елінсүйгіштік нақты ресми түрде насихатталмаса да, оның еңбектері мен идеяларындағы эмоционализмдерден анық байқалады. 2017 жылдың 12 сәуірінде Елбасы, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын жариялаған болатын. Бұл – Ұлы Дала еліндегі Мәңгілік Ел мұраттарын жүзеге асырудың руханияттық*

астарларына байланысты ұсынылған бағдарлама. Өйткені, кез-келген мемлекет, тек экономикалық өрлеуді ғана мақсат етіп, қоғамдық өмірдің мәдени-рухани саласының өркендеуін назардан тыс қалдыратын болса, онда ол дамудың жоғары сатысына жете алмайды» [1]. «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласының негізгі идеясын ашып көрсетуде ғалым – зерттеушілер мен қатар біртұтастықта барлық қоғам өкілдері ат салысты. Нәтижесінде ортақ түйін, оң көзқарас, бірыңғай қолдау көрсетілді. Сөзіме дәлел ретінде Өтеген Оралбайұлының тұшымды пікірін келтіре кетейін: «Қадым заманғы қағаберісте қалдырып, соңғы гасырға сөз салсақ, таутан тағдырдың шеңгелінде бүрілген, уақыт пен кеңістікте бүгілген жұртымыздың жұмбақ жадын қайта оятып, заман үзеңгісіне аяқ салар кез келді. Кешегі кезде іште тулап тұрса да, іркіп қалатын, көңілде дулап тұрса да үркіп қалатын көне тарихымыз – Абыз Даламыз ақиқаттың қақпасын ашып, шаңырақ өзіңдікі, шалқайып отыр, төз өзіңдікі, марқайып отыр дегендей болып тіл қатқаны – томағасы түрілген мақалада қанатын жазып, шеңгелін ашып, шындықтың шымылдығын түріпті. Сөз жоқ, қазақ тарихының ұлы кітабының бас мақаласы деуге әбден лайықты. Оқы да ойға тоқы деп ортаға сөз ұсынып тұр. Тоқудың да толқыны, ойдың да орамы бар» [5]. Яғни, «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы ел кітабының ұлы мақаласы деген атқа лайықты деген тұжырымға тоқталсақ, онда мақаланың негізгі идеясын дәлелдей алдық деуімізге негіз бар. Себебі, ұлт тарихы – ұмытылмайтын күш, ал мақала рухани жаңғыртатын лайықты іс болмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Мырзабеков, Ж.Е. «Түркі өркениетінің мәдени – тарихи құндылықтарын зерттеу негіздері» [Мәтін] / Мырзабеков, Ж.Е.- Алматы: Эвро, 2015. 325 б.
2. Akorda.kz сайты. Мемлекет басшысының «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласы. 21 қараша 2018 жыл. [Электронды ресурс]. –Қолжетімділік режимі: <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysynyn-uly-dalanyn-zheti-kyry-atty-makalasy>
3. Қыдырәлі, Д. Тарихи сананың жаңғыруы [Мәтін] / Д. Қыдырәлі // Егемен Қазақстан. - 2018. - №224. - 22 қараша. – Б. 1-3
4. Қалижанов, У. Ел мен ер [Мәтін] / У. Қалижанов // Егемен Қазақстан. - 2018. - № 229. - 29 қараша. - 6 б.
5. Оралбайұлы, Ө. Ұлы даламыз - тарихи данамыз [Мәтін] / Ө. Оралбайұлы // Егемен Қазақстан. - 2018. - № 228. - 28 қараша. - 5 б.

Материал редакцияға 18.02.21 түсті

Т.Р. Абдыкадырова, К.Б. Канат

Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

ОТЕЧЕСТВЕННЫЙ ДУХ - ПРОДОЛЖЕНИЕ ДРЕВНЕЙ ТЮРКСКОЙ ТРАДИЦИИ

Аннотация. Цель исследования - доказать, что древнетюркская традиция переплетается с духом патриотизма. В статье рассматриваются различия наших ценностей в целях расширения горизонта исторического познания. Широко пропагандируется значимость национального кода, основанного на створе национального мировоззрения. Дается представление об истории, которая может побуждать к личностному развитию. Выявлены конкретные свидетельства современного состояния тюркской традиции и предпосылки патриотизма. Древнетюркская культура, основанная на статье «Семь граней Великой степи»,

представлена в паре с работами М.Х. Дулати. В статье перечислены аргументы, которые могут способствовать формированию национального иммунитета, и в статье представлен систематический алгоритм новых проектов. В результате формируется формула духовной идентичности. Научное открытие состоит в том, что составляющие семи уголков Великой степи отражены в древнетюркской традиции.

Основные корни нации связаны с тюркским мировоззрением. В связи с этим в статье представлены остатки тюркской культуры, вдохновившие золотые глубины великой степи. Он основан на том, что прорыв патриотического духа связан с признанием истории.

Ключевые слова: национальные ценности, модернизация общественного сознания, историческое познание, национальная гармония, духовная преемственность.

T.R.Abdykadyrova, K.B.Kanat

Taraz Regional University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan

THE DOMESTIC SPIRIT - THE CONTINUATION OF ANCIENT TURKIC TRADITION

Abstract. The purpose of the study is to prove that the ancient Turkic tradition is intertwined with the spirit of patriotism. The article also examines the differences between those values in order to widen the horizon of historical knowledge. The significance of the national code based on the trunk of the national worldview is widely promoted.

It gives an idea of the history that can encourage personal development. Specific evidence of the current state of the Turkic tradition and the preconditions of patriotism are revealed. The ancient Turkic culture, based on the article "Seven facets of the Great Steppe", is presented together with the works of M.Kh.Dulati. The article lists the arguments that can contribute to the formation of national immunity, and the article presents a systematic algorithm for new projects. As a result, a formula for spiritual identity is formed. The scientific discovery is that the components of the seven corners of the Great Steppe are reflected in the ancient Turkic tradition.

The main roots of the nation are associated with the Turkic worldview. In this regard, the article presents the remains of the Turkic culture that inspired the golden depths of the great steppe. It is based on the fact that the breakthrough of the patriotic spirit is associated with the recognition of history.

Keywords: national values, modernization of public consciousness, historical knowledge, national harmony, spiritual continuity.

References

1. Myrzabekov Zh.E. «Osnovy izucheniya kulturno-istoricheskikh tsennostei tyurkskoi tsivilizatsii».[*Fundamentals of the study of cultural and historical values of the Turkic civilization*] Almaty: Evro, 2015. 325 p. [in Kazakh].
2. Sait Akorda.kz. Statya Glavy gosudarstva «Sem kraev Velikoi stepi». [Seven aspects of the great steppe] 21 November 2018. Access mode: <https://www.akorda.kz/en/events/memleket-basshysynyn-uly-dalany-zheti-kyry-atty-makalasy> [in Kazakh].
3. Kydyrali, D. Tarikhi sanany zhangyruy [*Revival of historical consciousness*] // Sovereign Kazakhstan. - 2018. - №224. – 22 November. – P.1-3. [in Kazakh].
4. Kalizhanov, U. El men er [Country and person] // Sovereign Kazakhstan. - 2018. - № 229. – 29 November. - 6 p.[in Kazakh].